

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салалық реттеуіштер қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 22 тамыздағы N 231-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған»"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салалық реттеуіштер қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілер қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2007 жылғы 22 тамыздағы
231 - ө өкімімен

бекітілген

*Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2007.10.28. N 313-ө
Өкімімен.*

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салалық реттеуіштер қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с N	Нормативтік актінің атауы	құқықтық	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімі
1	2		3	4	5
1	Қазақстан Табиғи реттеу мәселелері	Республикасы монополияларды агенттігінің	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ТМРА	2007 жылғы тамыз

2	Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс мәселелері агенттігінің	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АБА	2007 жылғы тамыз
3	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1105 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭМРМ	2007 жылғы тамыз
4	<i>(алынып тасталды - 2007.10.28. N 313-ө)</i>			
5	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1237 қаулысына өзгерістермен толықтырулар туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИСМ	2007 жылғы тамыз
6	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 қазандағы N 996 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АБА	2007 жылғы тамыз
7	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 тамыздағы N 884 қаулысына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 қаңтардағы N 28 қаулысының күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АБА	2007 жылғы тамыз
8	Бағаларын мемлекет реттейтін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) номенклатурасын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИСМ (жинақтау) ТМРА	2007 жылғы тамыз
9	Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген номенклатураға қамтылған тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) баға белгілеу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ТМРА	2007 жылғы тамыз
10	Темір жол көлігі, электр-және жылу энергетика, мұнай, мұнай өнімдері мен газ тасымалдау, азаматтық авиация, порттар, телекоммуникациялар және почта байланысы саласындағы тауар нарықтарында үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілерінің	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ТМРА (жинақтау) АБА	

	тауарларына (жұмыстарына, қызметтеріне) баға белгілеу ережесін бекіту туралы			2007 жылғы тамыз
11	Қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін оңайлатылған мемлекеттік реттеу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ТМРА	2007 жылғы тамыз
12	Жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғалар болып табылатын табиғи монополиялар субъектілерінің және олармен аффилирленген тұлғалардың әкімшілік персоналының басқарушы қызметкерлеріне еңбек ақы төлеудің штаттық кестесін және шекті деңгейін келісу ережесін бекіту туралы	ТМРА бұйрығы	ТМРА	2007 жылғы тамыз
13	Қазақстан Республикасында электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарын ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу ережесін бекіту туралы	ТМРА бұйрығы	ТМРА (жинақтау) ЭМРМ	2007 жылғы тамыз
14	Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі міндетін атқарушының 2004 жылғы 10 қыркүйектегі N 212 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы	ЭМРМ бұйрығы	ЭМРМ	2007 жылғы тамыз
15	Электр энергиясының бөлшек нарығына қол жеткізу ережесін бекіту туралы	ТМРА бұйрығы	ТМРА (жинақтау) ЭМРМ	2007 жылғы тамыз
16	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 232 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы	ЭМРМ бұйрығы	ЭМРМ	2007 жылғы тамыз
17		ТМРА бұйрығы	ТМРА	

	Тауар нарықтары субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, қызметтеріне) және инфрақұрылымына кемсітусіз қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында тиісті тауар нарықтарына мемлекеттік органдардың, нарық субъектілерінің және олардың бірлестіктерінің олардың талдау жүргізуі үшін реттеуші органға деректер ұсыну нысандарын бекіту туралы			2007 жылғы тамыз
18	Тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) бағаларды алдағы көтеру туралы реттеуші органды хабардар ету ережесін бекіту туралы	ТМРА бұйрығы	ТМРА	2007 жылғы тамыз
19	"Тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) бағаны алдағы көтеру туралы тиісті тауар нарығындағы үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілерінің Мемлекеттік тізіліміне енгізілген нарық субъектілерінің монополияға қарсы органды хабардар ету ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бәсекелестікті қорғау комитеті төрағасының 2006 жылғы 7 қарашадағы N 251-НҚ бұйрығының күші жойылды деп танылсын	ИСМ БҚК бұйрығы	ИСМ БҚК	2007 жылғы тамыз
20	Кірме жолдардың магистральдық және станциялық жолдарға жалғасуына рұқсат беру ережесін бекіту туралы	ТМРА бұйрығы	ТМРА (жинақтау) КҚМ	2007 жылғы тамыз
21	Телекоммуникациялардың әмбебап қызметтеріне арналған тарифтерді бекіту туралы	АБА бұйрығы	АБА	2007 жылғы тамыз

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар
м и н и с т р л і г і

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

ИСМ БҚК - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Бәсекелестікті қорғау комитеті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК